

Көсембай негізгі мектеп кітапханасының 2021-2022 оку жылдарындағы «Окуга құштар мектеп» жобасы аясында атқарылған жұмыстары

2021-2022 оку жылы аясында «окуға құштар мектеп» жобасының жұмыс жоспары жасалып, окуға құштар мектеп бүршіші жасалды. Дәстүрлі түрде жылда өткізілетін жұмыстың түрі «Өмірде ең жақсы кеңесші -кітап» атты «READx» жобасы 5-9 сыныптардың және ұстаздардың қатысуымен өтілді. «READx» жобасының ережесі бойынша 5 спикер оқыған кітаптарымен таныстырып окушыларды кітап окуға шакырды. Окушылар тарапынан «Оқимын», «ойланамын» жетондарын көтеріп өз ойларымен бөлісті. Кезекті спикерлер:

мектеп психологы: Шугенова Римма Қайыржанқызы Шерхан Мұртазаның «Соғыстың соңғы жесірі» атты кітабын;

8 сынып оқушысы Б. Сисенов Сафуан Шаймерденовтың «Битабар балуан» кітабын;

9 сынып оқушысы А. Нұрлыбекова Алекс Ла Гума «Тас ғалам» кітабын;

9 сынып оқушысы А. Қанат Роза Мұқанованың «Шығармалар» жинағы;

Кітапханаши Б. Қалиева (өзім) Оралхан Бекейдің «Өз отынды өшірме» кітабын таныстырып, жарнама жасады. Сонымен бірге «Ең әдемі безіндірілген кітаптар» топтамасы таныстырылды.



Бастауыш сыныптар арасында «Кітап - рухани сарқылмас қазына» атты ата - аналардың қатысуымен іс -шара өтілді. Шара барысында «Менің өмірімдегі кітаптың алар орны» ата -аналарға арналған сауалнама алынды. Окушылар арасында кітапқа байланысты сұрақтар, қанатты сөздер айттылып, ата -аналарға балаға үйден кітап окуды үйымдастыру жөнінде жадынамалар таратылды.



Бастауыш сыныптар арасында «Бір сынып -бір әдебиет» атты ата -ана, сынып жетекшілер, оқушылардың қатысуымен ауқымды іс -шара өтілді. Сыныптар «Ертегілер» ауылы, «Әңгімелер» ауылы, «Поэзия» ауылы, «шешенендік сөздер» ауылы болып таныстырылым жасалды. Ата -аналар кітап оқуға жарнама жасады, ұстаздар «Кітап оқытудың жолдары» тақырыбында интеллект – карта жасады. Оқушылар түрлі әдеби сұрақтарға жауап беріп түрлі әдеби сұрақтарға жауап беріп, қойылымдар қойып, өлеңдер оқылды.



Ақтөбе -Дарын ғылыми -тәжірибелік орталықтың ұйымдастыруымен

«Мен оқыған кітапты сен де оқы» инстанцияның жобасы аясында

1. Маусым айында О.Сүлейменовтің «Арғымақ» «Земля поклонилась человеку» өдөңдер жинағы
2. Қыркүйек айында Э. Кекілбайұлының «Аңыздың ақыры» романы
3. Қазан айында У.Голдингтың «Шыбындар әміршісі» кітабы
4. Желтоқсан айында Ж.Аймауытовтың «Қартқожа» романына оқушылар, үстаздар мен біріге отырып видеороликтер жасалып хештегтермен жолданды.

Ахмет Байтурсынулының 150 жылдығына орай «Мысал жанрын дамытушы» атты топтық жұмыс өтілді. Ақынның мысалдарымен кеңінен таныстыру мақсатында ақын аударамаларын жатқа оқып, үстелді театр арқылы шығармаларын көрсетіп, кейбір мысалдарынан әдеби талдау жасады.



Бастауыш сыныптар арасында «Ертегі айтам жыр қызып» атты дауыстап ертегі оқу сағаттары өтілді. **Мақсаты:** бастауыш сынып оқушыларына ертегілерді оқыту барысында пайдаланып, балалардың тілін дамыту, кітап оқуга қызығушылықтарын арттыру. Және сонымен қатар ертегі оқу барысында ертегінің мазмұның тамаша айта

білген оқушыларды мектептің инста парақшасынakosembai2020 жарияладык.



Оқушылардың 15 минуттық қонырауын тиімді пайдалану бағытында 5,6,7,8,9 сынып оқушыларына арналып «Кітаппен серуен» кітапханалық квест ойыны өтілді. Кітапханалық квест – бұл кітапханамен және оның қорымен (шарттарымен) кітапхана аумағында және кітаптар әлемімен толық танысу жұмыстары.

Мақсаты: Келесі тапсырмаға өтуге көмектесетін жауап табу.

Шарты: Барлық тапсырманы орындауда ережені сақтай отырып, әділ ойнау.

Осы мақсатта кітапхананың мүмінкіншілігін пайдалана отырып оқушылар

Шатасқан әріптегердің арасынан 8 атақты адамның тегін тап.

«Ойлан, тап» кезеңі

1-тапсырма.(калып қойған әріптегерді қойып, кітап атауын табу)

2-тапсырма.(осы кітап атауларын авторымен сәйкестендіру) тапсырмаларын орынданап әр -бір кезең сайын «бес саусақ» артына жапсырылған кітап туралы қызықты деректермен танысып отырды. Уақыт қалған уақытта оқушылар өздері қалаған кітаптан үзінді оқыды.» Кітаппен серуен» жұмысы барысына арналып видеоролик жасалып мектептің инста парақшасынakosembai2020 жарияладык.



5-6 сынып оқушыларына арналып Ағылшын жазушысы Марк Твеннің танымал шығармаларының бірі «Том Сойердің басынан кешкен оқығалары» атты кітабымен танысу мақсатында дауыстап оқу сағаттары өтіліп және сонымен қатар оқыған кітабымыздың қорытынды есебінде «Біз Том Сойермен таныспыз» атты әдеби койылымды танымдық сағаты өтілді. Іс -шара барсында кітап авторы Марк Твеннің өмірбаяны мен шығармашылығын таныстыра отырып, оқыған кітабымызды еске түсіру мақсатында «11 сұрақ» айдарымен (оқу сағатына қатысқан 11 балаға) әр оқушыға жекелей, романнан сұрақтар қойылды. Кітаптың 11 тарауынан «Томның

айласы» тақырыбында шағын қойылым қойылды. Есте сақтау қабілеттерін шындау үшін романдағы Томнның іс-әрекетін сипаттайтын үзіндіні криптограмма арқылы шешіп, сол тараудың тақырыбын тапты. Сонымен қатар сурет сала біletін окушыларымыз кітапқа байланысты суреттер салып көрнекілікпен толықтырды.



Мектеп кітапханашысы: Қалиева Б.С